



Астанада Шахматтан командалық әлем чемпионаты аяқталды

Астанада ФИДЕ мен KazChess/Қазақстан шахмат федерациясы Freedom Holding Corp. компаниясының бас серіктестігімен және Туризм және спорт министрлігі мен елорда әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырған Рапид және блиц бойынша командалық әлем чемпионаттары тартысты ойынмен аяқталды. Әлемдік клубтық біріншілікте ғаламшардың 315 үздік шахматшысы бас қосты, айталық іс-шараға әлемнің бірнеше дүркін чемпиондары және ерлер мен әйелдер рейтингінің бірінші нөмір иелері Магнус Карлсен мен Хоу Ифань, қазіргі әлем чемпиондары Цзюй Вэньцзюнь мен Дин Лижэнь және басқа да атақты қазақстандық және шетелдік шахматшылары қатысты. Командалар (39 – рапид, 40 – блиц) демеушілеріне өкілдік еткен интернационал ұжымдардан тұрды немесе оларды өз серіктестерінің қолдауымен ұлттық федерациялар құрды. Рапидте де, блицте де «бір команда екінші командаға қарсы» форматтағы матчтар алты тақтада ойналды, осы орайда оған міндетті түрде бір әйел және рейтингі 2000-нан төмен бір әуесқой ойыншы қатысты.



Рapidтің 12 раундынан кейін барлық медаль жинақтарының тағдыры сөзбе-сөз ең соңында шешілді: алтын медальдерді құрамында атақты ресейлік гроссмейстер Даниил Дубов, «ирандық Каспаров» атанған гроссмейстер Пархам Магсудлу және қазақстандық ойыншы Ибрагим Ғалымжанұлы кіретін Al-Ain ACMG UAE командасы алды. Күміс қазіргі әлем чемпиондары Дин Лижэнь және Цзюй Вэньцзюнь ойнайтын рейтингі жоғары Decade China Team командасына бұйырды. Үшінші орынды Магнус Карлсен бастаған WR Chess ұжымы иеленді: былтырғы rapid чемпионы Хоу Ифаньнің жеңісінің арқасында қола медаль алатындай позицияда бекіп қалды.



Блицте де шайқас өте тартысты өрбіді. Ойын екі кезеңмен: топтық ойын және ұтылған команда шығып қалатын ойын түрінде өтті. Құрамында атақты ең үздік шахматшылар Ян Непомнящий, Александра Костенюк, Нодирбек Абдусатторов және т.б. бар Магнустың WR Chess командасы күмәнсіз жеңіске жетті. Күмісті Арджун Эригайси сияқты рейтингі жоғары үнділік шахматшылардан құралған MGD1 командасы алды. Қоланы Al-Ain ACMG UAE командасы және 17 жасар қазақстандық шахматшы Мұхтар Айнақұл ойнаған Chessy бөлісті. Турнирдің жалпы жұлде қоры - 350 000 еуро, оның €100 000 рапидтегі жеңімпаздар және €40 000 блицтегі жеңімпаз команда алады.

«Осынау үлкен, көп ұлтты, ынтымағы жарасқан әлемдік шахмат отбасын 2024 жылдың ең басты турнирлерінің бірінің аяқталуымен құттықтаймын! Қазақстан шахмат федерациясы үшін FIDE ұйымымен бірлесе отырып осындай ауқымды чемпионат ұйымдастыру үлкен мәртебе және абырой. Өз тарапымыздан ойыншылар, жанкүйерлер және бүкіл әлемдік шахмат қоғамдастығы бұл турнирден және Қазақстанда болудан рахаттануы үшін қолымыздан келгенді жасадық. Жеке есепте 13 медальге ие болған қазақстандық шахматшылардың жетістіктерін бөлек атап өткім келеді. Ал турнирдің нәтижесін басты жетістік деп білемін: шахмат әлемі кумирлерінің тамаша партиялары жүздеген баланы өзін-өзі жетілдіруге ынталандырып, осынау асыл ойын ойнауға құмарлығын «жұқтырды!» - деп атап өтті Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турлов.



Чемпионаттың жабылу салтанаты сәнді көрініс-шоуымен, биімен және марапаттау рәсімімен есте қалды. Іс-шараның қонақтары ҚР туризм және спорт вице-министрі Серік Жараспаев, Азия шахмат федерациясының Бас хатшысы Хишам Әл-Тахер және т.б. болды.



Командалық есептен басқа, жеке есеп те айрықша айтуға тұрарлық. Ерекше көзге түскен қазақстандықтардың арасында Шымкенттен келген 17 жасар Мұхтар Айнақұлды атауға болады: ол Chessy командасымен бірге қола жүлдегер атанып қана қоймай, 9-шы тақтада алтын медаль жеңіп алды. Тағы бір әуесқой шахматшымыз - 13 жасар шәкірті Нұрмұхаммед Қабиназар дәл сол тақтада қола медальге ие болды. Оның Kazchess командасындағы әріптесі, блиц бойынша екі дүркін әлем чемпионы Бибісара Асаубаева 7-ші тақтада осындай нәтижеге қол жеткізді.



Жарысқа қатысқан тоғыз қазақстандық ойыншы рапидтегі жетістігі үшін медальмен марапатталды. Атыраудағы химия-биология бағытындағы НЗМ түлегі, ал қазір Astana IT University студенті Ибрагим Ғалымжанұлы Al-Ain ACMG UAE командасының құрамында алтын медаль жеңіп алды. Ринат Жұмабаев (2-ші тақта, Theme International Trading командасы), Жандос Ағманов (6-шы тақта, Astana-1), Бибісара Асаубаева (7-ші тақта, Kazchess), Елназ Қалиахмет (8-ші тақта, GMs Kazakhstan) және Мұхтар Айнакүл (9-шы тақта, Chessy) жеке күміс медальдермен марапатталды. Қола медаль Меруерт Камалиденова (5-ші тақта, Astana-1), Алан Петухов (7-ші тақта, GMs Kazakhstan) пен Исабек Таникинге (9-шы тақта, Ashdod Chess Club) бұйырды.



Рapid және блиц бойынша командалық чемпионат тек шахмат шайқастарымен ғана емес, сонымен қатар қызықты сайд-ивенттерімен де есте қалды. Шахматшылар QJLeague футболшыларымен жолдастық матч ойнап, осылайша турлардың арасында қуат алды. Сонымен қатар чемпионат аясында ФИДЕ басқарушы директоры Дана Рейзнице-Озоланың қатысуымен іскер әйелдерге арналған бизнес-таңғы ас өтті. Чемпионаттың жақсы жалғасы ретінде 17-ші әлем чемпионы Дин Лижэнь қазақтың ежелгі дәстүрін қолдап тұсаукесер рәсіміне қатысты: чемпион бір жасар қазақстандық бала Шыңғыстың тұсауын кесті. Естеріңізге сала кетсек, чемпионаттың басталуы да әсерлі болды – Астанада ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтың қатысуымен 45-ші Шахмат олимпиадасының алау эстафетасы өтті.

